

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ  
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ  
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДІГІ  
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ  
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПО ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМ  
БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ  
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ  
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И  
КРИМИНАЛИСТИКИ

**«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ  
ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**  
*атты Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне арналған жоғары оқу  
орындарының арасындағы жыл сайынғы магистранттар мен  
студенттердің ғылыми конференциясының*  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**30 сәуір 2013 жыл**

**VII Шығарылым**

**МАТЕРИАЛЫ**

*Ежегодной Межвузовской научной конференции  
магистрантов и студентов, посвященной Празднику  
единства народа Казахстана*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОГО ПРАВА,  
УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ»**

**30 апреля 2013 года**

**VI Выпуск**

**Алматы қаласы**

**город Алматы**

*Проведение ежегодной межвузовской научной конференции и публикация материалов осуществлены в рамках 1342/ГФ «Разработка криминалистических технологий при расследовании преступлений в условиях глобализации»*

**Ответственный редактор**

д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева

**Члены редколлегии:**

к.ю.н., доцент Б.М. Жугралина

к.ю.н., доцент А.Д. Байсалов

старший преподаватель М.Е. Акболатова

магистр юридических наук, ассистент Л. Бисенғали

А\_\_ **Актуальные** проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики: материалы ежегодной межвуз. науч. конф. магистрантов и студ., посвященной Празднику единства народа Казахстана. 30 апреля 2013 г. – Алматы: Казак университеті, 2013. - 212 с.

**ISBN**

В сборнике представлены научные доклады участников ежегодной межвузовской научной конференции «Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики», организованной Научно-исследовательским центром по изучению проблем борьбы с преступностью и кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В научных докладах магистрантов и студентов поднимаются и актуализируются современные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики, проблемы гуманизации уголовной политики и другие.

Материалы конференции адресуются студентам, магистрантам, докторантам, преподавателям, а также всем тем, кто интересуется вопросами научного решения актуальных проблем уголовно-правовых дисциплин.

**УДК  
ББК**

*Омарова М.С.,  
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
заң факультетінің 3 курс студенті*

*Ғылыми жетекшісі: құқық магистрі, ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының ассистенті Арын А.А.*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ БИЛІКТІҢ БАСҚА ДА ТАРМАҚТАРЫМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ**

Қазақстан Республикасының прокуратурасы - Республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының және өзге нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуына, жедел-іздістіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретін мемлекеттік орган. Прокуратура кез келген заңдылық бұзушылықты анықтау және жою жөнінде шаралар қолданады, Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге наразылық жасайды, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайларда тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады [1].

Қазақстан Республикасы прокуратура органдарымен биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарымен өзара байланысын қарастыруға болады.

**Прокуратура мен биліктің заң шығарушы тармағы.** Заңнамамен өзара қарым-қатынасында Парламент пен прокуратура өте тығыз байланысты. Ерекшелік келсек, прокуратура заңдарды дәл және біркелкі қолданудың жоғарғы қадағалауын жүзеге асырады, заң бұзушылықтың кез келгенін жояды, Конституцияға және республиканың заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Заң шығару бастамалық құқығы бар органдардың арасында Парламент - маңызды заң шығарушы орган болғандықтан оның тікелей міндеті-заң шығару [2].

Бұл қарым қатынастарда прокуратура тікелей заң шығару органдарымен жұмыс істейді және өз функцияларын жүзеге асыруда нормативтік құқықтық актілердің ақаулығын, жетіспеушілігін анықтайды. Бұл ғылым мен тәжірибенің қоры жалпы мүддені ескеретін және әрекет ететін заң шығару актілерін талап етеді. Прокуратура жоғары қадағалауды жүзеге асыруда мемлекеттік органдардың актілерін басшылыққа алады, өйткені парламент нормативтік құқықтық актілер арқылы өте маңызды қарым-қатынастарды реттейді. Осы тәжірибе биліктің заң шығару тармағындағы қажеттілік болып табылады [3]. Прокуратура органдарымен құқық шығармашылық қызметіне қатысу функцияларын іске асырудағы негізгі бағыттар:

- Заң шығарушы органдарға заң шығару қызметінің жалпы стратегиясын және басымдылығын анықтауда жәрдем көрсету.
- Заң шығарушы органдарға заң жобасын, оларды қарауда кәсіптік деңгейді қамтамасыз етуге көмек көрсету.
- Оларды қабылдау құзыреттігіне кіргенде, белгіленген тәртіпте органдарға қарауға енгізу және заң жобаларын және басқа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу.
- Прокурорлық қадағалаудың материалына негізделген қолданыстағы заңдарды жүйелі талдау қателіктері, қарама-қайшылықтарды, қоғамдық қатынастарды реттеудің басқа түрлерін құқықтық жетілдірілмеуінің құбылыстарын анықтау мен оларға нұсқау.

Әлеуметтік-экономикалық салада заңдылықты қадағалау бойынша бас прокуратура өкілі ретінде Парламентпен, Үкіметпен, Конституциялық Кеңеспен байланыстары бойынша Бас Прокуратураның өкілі сөз алады. Ол апта сайын Бас Прокурорды және оның орынбасарларын Парламент палатасы мен олардың комитеттерінің жұмыстарының жоспарлары туралы қажетті ақпараттармен қамтамасыз етеді [1].

**Прокуратура және биліктің сот тармағы.** Қоғамдағы қолданыстағы заңдар бойынша үш бір-біріне тәуелсіз мемлекет билік тармақтары бар. Оның бірі -сот тармағы. Сот билігі және прокурорлық қадағалау өзара әрекет етіп, өзара қиысатын, оларсыз азаматтық қоғам қазіргі заманда азаматтық деп танылмайтын мемлекеттік құқықтық институттар. Екеуі де азаматтың құқығын қорғайды, заңдылық және құқық тәртібін қамтамасыз етеді, осының арқасында оны әдіске айналдырады. Прокуратура көп қызметті орталықтандырылған орган және әлеуметтік мінез-құлық түрлеріне және қылмысқа қарсы күреске бағытталған. Прокуратураның мерейі ғасырлар бойы жасалса, тәуелсіз дербес сот билігі Кеңестік Қазақстанда жаңадан пайда болған. Соңғы жылдары өскелең, бекіген сот билігі көп келеңсіздіктерді ығыстырды. Сот жүйесінде сот билігінің тәуелсіздік мәні жаңа заңдардың сот жүйесіне қызмет етеді. Көп жағдайда Конституция және «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңы анықтағандай сот төрелігі республикада сотпен жүзеге асырылады және сот төрелігін жүргізу кезінде сот тәуелсіз және Конституция мен заңға бағынады [4]. Прокуратура органдары мен сот билігінің өзара қарым-қатынас мәселесі қарапайым да күрделі. Прокурордың рөлі туралы сот ісін жүргізуде әртүрлі пікірлер айтылады. Сотқа тараптар жағынан заңдылықты қадағалау қажет. Біртіндеп сот төрелігі мүддесіне жауап беретін прокурорлық қадағалауды қамтамасыз ету керек [5].

Конституцияның 83-бабында және «Прокуратура туралы» заңының 4-бабында айтылғандай, прокуратура мемлекет атынан сотта мемлекет мүддесін білдіреді [4]. Сотта мемлекеттің мүддесін қолдай отырып, қылмыстық, азаматтық, немесе басқа сот ісі барысында шағым арыз және қадағалау тәртібінде прокурор өз өкілеттігін жүзеге асырады. Прокурорлық қадағалаусыз осы кезеңдерде құқық қорғау толыққанды болмайды. Заңға сәйкес келмейтін дәлелдер мен істер бойынша, соттың шешімімен, үкімімен,

соттың басқа қаулысымен келіспеушілік, бас тарту немесе жоғары тұрған сотқа соттың қаулысын өзгерту мақсатында, прокурор істі қайта қарауға беруге құқылы. Егер шешімдер, үкімдер және басқа соттың қаулылары заңды күшіне енсе, прокурор өз құзыреті шегінде істі соттан талап етуге құқылы. Қылмыстық істерді қарау кезінде мемлекеттік айыптауды объективті және белсенді қолдау жолымен соттардың заңдарды сәйкес қолдануын қамтамасыз ету, қылмыстық іс бойынша шағымдық және қадағалау инстанцияларының қарауына қатысу, сот және тергеу қателіктерін түзету үшін дер кезінде сұрақтар қою, кез келген заң бұзушылықты сот төрелігін сот шығарған кездерінде шаралар қолдану-қадағалау қызметі мен сот билігі арасындағы қарым-қатынасының негізгі бағыттары болып саналады.

**Прокуратура және биліктің атқарушы тармағы.** Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының Прокуратурасы- Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының және республика аумағындағы басқа нормативтік актілердің дәлме-дәл және бірыңғай қолданылуына, жедел-ізвестіру қызметінің, тергеу жүргізу мен жауап алудың, әкімшілік және атқарушылық өндірістің заңдылығына жоғары қадағалау жүргізетін Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретін мемлекеттік орган [1]. «Прокуратура әрбір заң бұзушылықты анықтау және жою бойынша шараларын қолданады, ҚР Конституциясына және Қазақстан Республикасы заңдарына және де басқа құқықтық актілерге қайша келетін заңдарға наразылық білдіреді, сотта мемлекет мүддесін қолдайды, сондай-ақ заңмен белгіленген тәртіпте және шектерде қылмыстық қуғындауды жүзеге асырады». Бүгінде қадағалаудың бұл түрі жалпы қадағалау деп аталып, біздің заңмен бұл атау ескерілмегенмен прокуратура органдарының қызметтеріндегі негізгі бағыттардың бірі болып табылады. «Атқарушылық билік саласындағы қадағалау» осы саланың дәстүрлік атауы, бұл атау кеңестік прокуратура органдары құрылған кезде берілген болатын. Бұл қылмыстық және азаматтық сот ісінде тергеу жүргізу және алдын ала жауап алу органдарымен үкімді орындау кезеңінде, соттардың ұйғарымдары мен қаулыларында заңдарды орындауда осы саланы басқа салалардан шектейді. Заңдарды орындауға қадағалауды белгілеу және оның мәні басты сипаттағы прокуратура органдарының атқарушылық билік саласындағы заңдардың дұрыс және бірыңғай орындалуын қадағалауды құрайды. Осы салада көбінесе кектесу, заң бұзушылықты жоюда прокуратура органдарына қарсы әрекеттер жасау, заң бұзушылықты белгілеуде және жою бойынша олардың қызметіне кедергі жасауға жиі жол беріледі. Негізгі мемлекеттік басқарудың осы саласында заңның дұрыс әрі бірыңғай қолданылуы сияқты осындай түсінік болуға тиісті [5].

Сонымен, айтылғандардың негізінде келесідегі тұжырымдарға келуге болады:

- Прокуратураның мемлекеттік-құқықтық жүйенің құрамдас, әрі дербес бөлігі ретінде билік кеңістігінде алатын орны мен рөлі сөзсіз ерекше.
- Конституциялық ұйғарымның негізінде, Прокуратура тек Республика

Президентіне бағына отырып (есеп беру міндетіне байланысты) мемлекеттік биліктің дәстүрлі тармақтарына кірмей, керісінше олардан оқшау (әрине тәуелсіз күйде) тұрып, олардың бөлінуі принципінің, өзара іс-қимылында «тепе-теңдік, әрі тежемелік жүйесінің» қатаң сақталуына, сондай-ақ биліктің әр тармағының конституциялық функцияларын атқаруы барысында әрекеті мен актілерін тек Ата Заң мен заңдарға ғана негіздеуіне мемлекет атынан, соңғысы тапсырыс еткен жоғары қадағалауды жүзеге асырады.

- Прокурорлық қадағалаудың жоғары мәртебелілігі мемлекеттік сипатымен бірқатар биліктік өкілеттіктерімен де құпталады. Олардың қатарында:

Заң шығару билігіне қатысты:

- Конституция мен республика заңдарына қайшы келетін заңдарға және өзге нормативтік құқықтық актілерге наразылық келтіреді.

Атқару билігіне қатысты:

- кез келген заңды бұзушылықты анықтау мен жою шараларын қолданды;

- Конституция мен республика заңдарына қайшы келетін құқықтық актілеріне наразылық келтірді.

Сот билігіне қатысты:

- онда мемлекет мүддесін білдірді;

- сот актілерінің заңдылығын қадағалауы кіреді [3].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

[1] «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 1995 ж. 21 желтоқсандағы №2709 Заңы // «Заң» базасы - Қазақстан Республикасының электрондық жүйеленген нормативтік құқықтық актілерінің жиынтығы.

[2] Мерзадинов Е.С. Конституционно-правовые проблемы прокурорского надзора за соблюдением прав и свобод человека и гражданина: автореф. дисс. ... канд.юр.наук: 12.00.09. - Алматы, 2001. - 29 с.

[3] Байтукбаев Д.И. Правовой статус и функции прокуратуры в системе органов государственной власти: автореф. дисс. ... канд.юр.наук: 12.00.09.- Алматы, 2002. – 26 с.

[4] Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы, 2009. - 40 б.

[5] Слатлаев Б.М. Возвращение прокурором уголовных дел для производства дополнительного расследования - гарант законности предварительного расследования Республики Казахстан: автореф. дисс. ... канд.юр.наук: 12.00.09. - Караганда, 2004. – 25 с.

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абдрахман А.Д.</b> Қылмыстан сақтандыру және сот билігі.....	
<b>Абдрахметова А., Жоламанова Н.</b> Адвокаттық қызметті ұйымдастыру.....	
<b>Абен Т.А.</b> Жеке басы белгісіз мәйіттерді криминалистикалық есепке алудың мәселелері.....	
<b>Адамбеков А.А.</b> Қазақстандағы ювеналды юстицияның дамуы және қызмет атқару ерекшеліктері.....	
<b>Айнакулова Д.</b> Этика адвоката.....	
<b>Асқарқызы Ә.</b> Кісі өлтірудің тергеу әрекеттерінің ерекшеліктері.....	
<b>Асубаева А.С.</b> Криминалистикалық одорологияның қылмысты ашудағы маңызы.....	
<b>Асубаева А., Джаугаштина А.</b> Қылмыстық сот ісін жүргізуде бәсекелестік принципінің қылмыстық процессуалдық мәселелері.....	
<b>Әбдіқожаева А., Базарлинова А.</b> Адвокаттық құпия және адвокаттың кәсіби әдебі.....	
<b>Әшімбаева А.М.</b> Проблемные вопросы уголовно-правовой и криминалистической характеристик угона и кражи транспортных средств.....	
<b>Байбалаев А.Б.</b> Кәметке толмағандардың құқық бұзуға бейім мінез-құлқы және оның алдын алудың проблемалары.....	
<b>Баймбетова Л.Т.</b> Криминалистикалық болжамдар және олардың қылмыстарды ашу мен тергеудегі рөлі.....	
<b>Байшуахов А.М.</b> Специфика судебной речи.....	
<b>Балтабаев А.Ғ.</b> Бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі ұйымдасқан қылмыстық топтардың тарабынан орын алатын бопсалау қылмысымен күресу болып табылады.....	
<b>Болатбекқызы Ә.</b> Адамның аяқ іздерін зерттеудің мәселелері.....	
<b>Бураханова А.Н.</b> Некоторые особенности женской преступности.....	
<b>Дарибаева Қ.Б.</b> Жаңа құқықтық саясат тұжырымдамасы.....	
<b>Даутова Н.</b> Судебное красноречие.....	
<b>Даутова Н.</b> Некоторые особенности допроса как разновидности общения... ..	
<b>Джаугаштина А.К.</b> Хабар-ошарсыз кеткен тұлғаларды криминалистикалық есепке алудың мәселелері.....	
<b>Dzhumakhanbetova E.</b> Qualification of an unfinished crime.....	
<b>Дүйсенбай Р.М.</b> Тонау бойынша жүргізілетін алғашқы және кейінгі тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестіру шаралары.....	
<b>Ем М.</b> Проблемы участия законного представителя в допросе несовершеннолетнего подозреваемого, обвиняемого на предварительном расследовании.....	
<b>Ералиева К.Ш.</b> Проблемы прокурорского надзора за законностью исполнительного производства.....	
<b>Естібай А.А.</b> Проблемы педофилии среди молодежи.....	
<b>Жұмақұлова А.М.</b> Ақша белгілерінің техника – криминалистикалық сараптамасы.....	

<b>Жумаханова Х.Ж.</b> Телефонды сөйлесімдерді тындаудың құқықтық аспектілері.....	
<b>Жумаханова Х.Ж.</b> Қорқорды қорғайтындар «қор» болды.....	
<b>Ибраева А.Ч.</b> Проблемы профилактики преступлений, совершаемых детьми с девиантным поведением.....	
<b>Ибрашев Н.М.</b> Қорқытып алушылық қылмысы бойынша кейінгі тергеу әрекеттерінің тактикалық ерекшеліктері.....	
<b>Ильяшева Д.Б.</b> Адвокатская тайна.....	
<b>Итахунова Г.</b> К вопросам предупреждения насилия над женщинами.....	
<b>Кабен Н.</b> Проблемы предупреждения женской преступности.....	
<b>Каймулдинова П.</b> Трасология.....	
<b>Калилаханов А.</b> Значение обвинительной речи прокурора в судебном разбирательстве.....	
<b>Кожаметова А.</b> Участие адвоката в гражданском процессе.....	
<b>Кудабаева А.Б.</b> Кәмілеттік жасқа толмағандардан жауап алудың ерекшелігі.....	
<b>Кусаинов А.Г.</b> Доказательственная речь (как должна звучать убедительная речь).....	
<b>Макрушин А.О.</b> Виды судебных речей и их особенности.....	
<b>Малқарбаева М.</b> Общеуголовная корыстная преступность.....	
<b>Мәулен Қ.Ә.</b> Ізін суытпай қылмыстарды тергеудің әдістемесі.....	
<b>Мірәлиева М., Үмбет А.</b> Қазақстан Республикасында адвокаттық қызметінің мәселелері.....	
<b>Мукажан А.</b> Проблемные вопросы квалификации хулиганства.....	
<b>Муратова А.</b> Қазақстан Республикасында кәмілетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы.....	
<b>Нұрланұлы Б.</b> Қылмыстан сақтандырудың жүйеленуі.....	
<b>Омарова М.С.</b> Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының биліктің басқа да тармақтарымен өзара байланысы.....	
<b>Омарова Н., Омарова М.</b> Шет мемлекеттеріндегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы.....	
<b>Өрісбаева З.Т.</b> Жол-көлік оқиғасын тергеу әдістемесі.....	
<b>Сағынаева Ұ.С.</b> Криминалистикалық есепке алу және оның қылмысты ашу мен тергеудегі рөлі.....	
<b>Сағынбаева Ә.Е.</b> Қылмыстық заңды дамыту – негізгі құқықтық қажеттілік.....	
<b>Сандыкбаева А.</b> Причины и условия преступности несовершеннолетних.....	
<b>Сатыбалдина С.К.</b> Тінту тактикасының ерекшеліктері.....	
<b>Сембай Д.</b> Жауап алу тактикасының ерекшеліктері. Кәмілет жасқа толмағандардан жауап алу немесе жауап алғанда қолданылатын тактикалық әдістер.....	
<b>Серик М.Т.</b> Обстоятельства, исключющие участие адвоката в качестве защитника.....	
<b>Серікбаев А.М.</b> Криминалистикалық одорология және оның қылмыстарды ашу мен тергеудегі маңызы.....	



<b>Тастанов А.Д.</b> Азаматтық істер бойынша адвокат өкілдің рөлі: құқықтық негіздемелері.....	
<b>Тойшыбаева А.</b> Судебная речь.....	
<b>Торбек А.С.</b> Адвокат в уголовном процессе.....	
<b>Төлмұратова А.Т.</b> Адвокаттық құпия.....	
<b>Халимназаров Б.</b> Некоторые вопросы деятельности органов прокуратуры в Республике Казахстан.....	
<b>Хильман А.И.</b> Телефонды сөйлесімдерді криминалистикалық қамтамасыз ету.....	
<b>Шарафи С.</b> Проблемы оперативно-розыскной деятельности.....	
<b>Шукуралиев Ф.</b> Некоторые вопросы модернизации правоохранительной системы.....	
<b>Ягмусова А.</b> Эвтаназия: проблемы квалификации и правового закрепления...	